

**Павлодар облысы әкімдігінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі "Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды жүз пайызға дейін өтеуге арналған субсидиялар нормативтерін, сондай-ақ жеткізушіге қойылатын өлшемдер мен талаптарды бекіту туралы" № 108/4 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Павлодар облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 101/4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 21 сәуірде № 4432 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 22 ақпандағы N 44/2 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 22.02.2016 N 44/2 ( алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 бұйрығымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысының әкімдігінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі "Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды жүз пайызға дейін өтеуге арналған субсидиялар нормативтерін, сондай-ақ жеткізушіге қойылатын өлшемдер мен талаптарды бекіту туралы" № 108/4 қаулысына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3771 тіркелді, 2014 жылғы 29 сәуірде "Звезда Прииртышья" газетінде, 2014 жылғы 17 мамырда "Сарыарқа самалы" газетінде жарияланды) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының преамбуласындағы "Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2014 жылғы 18 ақпандағы "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" № 103 қаулысына" сөздері "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 3-1/600 бұйрығымен бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларына" сөздерімен ауыстырылсын.

2. "Павлодар облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік

мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;  
осы қаулы аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуінен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;  
осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырудан қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Н.К. Әшімбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімінің*

*міндетін атқарушы*

*"КЕЛІСІЛДІ"*

*Қазақстан Республикасы Ауыл*

*шаруашылығы министрі*

*2015 жылғы "13" сәуір*

*Д. Тұрғанов*

*А. Мамытбеков*